

Рабочая көшесін Петр Чигадаев атындағы көшеге қайта атау туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Боровской селосы әкімінің 2010 жылғы 1 маусымдағы № 5 шешімі. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 маусымда № 9-15-130 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4-тармақшасына және Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 54 қаулысымен бекітілген Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелер, жер телімдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарының 5-тармағына сәйкес Боровской селосының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Рабочая көшесі Петр Чигадаев атындағы көшеге қайта аталынсын.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Құсайынов